



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

BlackberryOS, Symbian и Bada. Пользователи Dropbox могут создавать отдельные общие папки (Shared), за счет которых можно управлять правами доступа к документам. Файлы, сохраненные на DropBox, можно публиковать в Facebook и Twitter или превращать в слайд-шоу, которое будет доступно по прямой ссылке.

Модуль «BackupandMigrate» выполняет задачи по созданию и восстановлению базы данных сайта, а также может использоваться для переноса данных с одного сайта на другой.

Модуль «OnlineOffice» - Google Docs — это онлайн-сервис, работающий на платформе GoogleDocs и позволяющий непосредственно в веб-браузере и без авторизации:

- просматривать документы поддерживаемые сервисом GoogleDocs, например AdobePDF, MicrosoftWord или MicrosoftPowerPoint;

- возможность просмотра документов множества форматов без загрузки на локальный диск;

- преимуществом является безопасность — не все PDF и DOC документы безопасны для просмотра через Adobe Reader и MS Word;

- сервис генерирует html-код для встраивания в сторонние страницы упрощенного приложения просмотра через iframe;

- используется в Google Search, предлагая пользователю ссылку на быстрый просмотр найденных файлов, формат которых поддерживается Google Docs;

- поддерживает большее количество форматов файлов, чем задокументировано

- предоставляет очень гибкий и удобный интерфейс как для пользователей, так и для разработчиков приложений;

- с помощью сервиса легко получить тексты из различных источников, которые могут в дальнейшем быть использованы при поиске по документам или для других целей. Так же легко получить превью изображения этих документов. Предоставленный интерфейс по протоколу HTTP даст возможность работать с документами даже в скриптовых языках (JS и др.).

Список использованных источников:

[1] What is shared web application access [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.accounts-on-web.com/OnlineAccountingPrices.asp>, свободный.

[2] Список функций [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.igate.ru/products/erpfeaturelist.jsessionid=0a0104451f43be49bc50443c4e079822d7f6a6cdfb57.e3eSbNmQaheLe3aNa40>, свободный.

[3] SaaS-каталог [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://saas4russia.wordpress.com/directory/>, свободный.

[4] <http://www.cloudfoundry.com>

[5] Ломко О., Два года SaaS – что дальше [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://friends.pmbbox.ru/blogs/mc_weblog/archive/2008/11/27/saas.aspx, свободный.

[6] <https://www.microsoft.com/Kazakhstan/News/Issues/2011/03/290311rus.mspх>

ӘОЖ 377.01:004

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚ ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Далабайқызы Индира

indi82@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранттары, Астана қ.

Ғылыми жетекшісі – Закирова А.Б.

Электрондық оқулық және оның құрылымы

Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі – оқыту процесін ақпараттандыру. Аталған бағытты жүзеге асыру үшін

жаңа буын оқулықтарын электрондық вариантқа аудару қажет.

Электрондық оқулықтың мазмұны оқушының интеллектілік ойлау қабілетін дамытуға бағытталуы қажет және оның мына қасиеттерді қанағаттандыруы жеткілікті: жинақтылық, жүйелілік, эстетикалық көркемділігі, жылдамдылығы және т.б.

Электрондық оқулықтар ара қашықтықтан оқыту формасына негізделіп жасақталады және оны жүзеге асыру үшін қолданылады.

Осы уақытқа дейін бақылаушы, жаттықтырушы, модельдеуші, дидактикалық ойындар сияқты қолданбалы программалар қолданылып келді. Бұл программалар оқушының өздігінен оқып-үйренуіне және өзіндік жұмыс жасау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Электрондық оқулықты құрастырған кезде оның мәтіндік ақпараттан гөрі графиктік ақпарат көбірек қамтылуы керек, себебі ол оқушының ақпаратты тез, әрі көрнекі түрде қабылдауына жағдай жасайды.

Электрондық оқулықтың құрылымы

Біз оқулықтың сыртқы құрылымын қарастыратын боламыз. Оқулықтың сапалылығы тақырыптық мазмұнның баяндалуымен анықталады. Егер аталған оқулық бойынша үйренуші сынақ немесе емтихан тапсыратын болса, онда оның мазмұндық материалы келесі үш түрде өрнектелетін болады:

1. материалдың мәтін, сурет, график, кескін, кесте және т.б. түрлерде баяндалуы. Ол оның дәстүрлі оқулықтан ерекшелігін көрсетеді.

2. материалдың кескін түрінде баяндалуы – оқулық мазмұнының графиктік-мәтіндік түрде бейнеленуі. Онда оқу материалының негізгі идеясын айқындайтын үзінділерін оқушының меңгеруіне ыңғайлы етіп, графиктік түрде бейнелеу.

3. Өзіндік тексерудің (өзіндік бақылаудың) тестілік жүйесі. Онда оқу материалын қаншалықты деңгейде меңгергенін айқындайтын сұрақтар мен тапсырмалар беріледі.

Материалдың мұндай түрде бейнеленуі оқушының есте сақтау қабілетінің дамуына және өткен материалды ұмытпай, оны дамытуына игі әсерін тигізеді.

Ал енді электрондық оқулықтың құрылымдық элементтеріне жан-жақты тоқталайық:

- сыртқы беті;
- титульдық экран;
- мазмұны;
- аннотация;
- оқу материалының толық баяндалуы (кескіндер, кестелер, графиктер, бейнелер);
- оқу материалының қысқаша мазмұны (кескін курс түрінде берілуі);
- қосымша әдебиеттер (оның тізімін ғана емес, мәтіндерді де енгізу қажет);
- өзіндік білімді тексеру жүйесі;
- өзіндік бақылау жүйесі;
- мәтіндік үзінділерді іздеу функциясы;
- авторлар тізімі;
- терминдік сөздер;
- оқулықтың элементтерін басқару бойынша анықтамалық жүйе;
- оқулықпен жұмысты басқару жүйесі.

Әрбір құрылымдық элементке жеке-жеке тоқталып, сипаттама берейік:

Сыртқы беті түрлі-түсті бояулармен боялып, эстетикалық тұрғыдан әдемі безендірілуі қажет. Ол үшін графиктік қойылымдар мен түстер қолданылады. Оқулықты көрмеге қою мақсатында анимациялық құбылыстармен безендірілуі қажет.

Титульдық экран. Онда оқулықтың атауы, жоғарғы білім мекемелері (мысалы, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі), авторлық құқық, оқулықтан лицензиядан өткен белгісі, баспаға тапсырылған күні, оқулық авторларының мекемелері туралы ақпараттар жазылады.

Мазмұны. Ол оқулықтың негізгі құрылымдық элементтерінің қатарына енеді. Оқулық мазмұнының негізгі құрылымдық бөліктерін шағын түрде үйренушінің оқуына жеңіл болатындай етіп көрсету қажет.

Электрондық оқулықты жасақтаушылар алдына мынадай *мәселелер* қойылады: неден бастау керек? электрондық оқулықтың типі қалай таңдалады? оны құрудың негізгі мақсаты қандай? оқулықтың бөлімдерін үйренушіні ынталандыру бағытында қалай таңдап алуға болады? оқулықтың сценарийін қалай жазуға болады? оның құрылымдық мазмұнын қалай құруға болады? электрондық оқулықпен оқытуда үйренушінің қызметін қалай ұйымдастыруға болады? оқытудың нәтижелерін қалай бақылауға болады? электрондық оқулықты құруды қалай сипаттауға болады? және т.б.

Электрондық оқулыққа қойылатын талаптар:

1. Жан-жақтылығы.
2. Ізгіліктілік. Онда кез келген орындаушы өзіне қажетті білімді ала алады.
3. Бейімділігі. Ұсынылып отырған оқу материалы барлық орындаушылар үшін біркәнді болуы керек. Бірақ оқу материалы әр түрлі формада берілуі мүмкін.
4. Модульдік. Кез келген электрондық оқулықты дәстүрлі оқулықтар негізінде құрылымын жасақтау.
5. Экономикалық тиімділігі. Аталған оқулыққа сұраныс көп болуы қажет және сәйкес түсетін пайданы да қарастыру қажет.
6. Тұтынушыға бағдарлау.

Электрондық оқулықтың құрамы:


- Аннотация;
- Пән туралы қысқаша ақпарат;
- Жұмысбағдарламалары;
- Электрондық оқулықпен және оның бөліктерімен жұмыс жасау туралы әдістемелік нұсқаулар;
- Ұсынылатын білім беру бағдарламалары;
- Теориялық материалдар (лекция конспектілері);
- Теориялық материалдарға негізделген оқу құралы;
- Практикалық жұмыстарды орындауға негізделген әдістемелік құрал;
- Практикалық жұмыс пен бақылау жұмыстарының тапсырмаларының тізімі;
- Бақылау тапсырмалары;
- Лабораториялық жұмыстардың әдістемелік нұсқалары;
- Білімді бағалау критерийлерін айқындайтын тапсырмалар;
- Бақылау тестілерінің жинағы;
- Телекоммуникациялық құрылғыларды қолдану арқылы консультация түрлері мен графигі;
- Глоссарий;
- Әдебиеттер тізімі және Интернеттің ақпараттық ресурстарына сілтемелер;
- Озат мұғалімдердің жасақтаған қосымша авторлық материалдары;
- Үйренушінің жұмыс папкасы;
- Мұғалімнің жұмыс папкасы.

Аталған құрам арқылы электрондық оқулықтың құрылымы тұрғызылады.

Электрондық оқулықты құрастыру мына алгоритм бойынша жүзеге асырылады:

1. Оқу пәнінің мазмұндық көлемін бағалау.
2. Оқу элементтерін үйренушінің білімділік, ікемділік дағдыларын қалыптастыру деңгейіне сай анықтау.
3. Оқу материалын өзіндік білім алу деңгейіне бөлу.
4. Оқу материалының мазмұнының негізгі элементтері (тарау, тақырып, сабақтар) аралығындағы мағыналық байланыстар жүйесін айқындау.
5. Электрондық сөздік-анықтаманы (глоссарий) дайындау.
6. Әрбір тақырыптар бойынша динамикалық және статистикалық компьютерлік слайдтар жиынтығынан құралған лекциялар конспектісін дайындау.
7. Тест материалдарын дайындау (тест тапсырмалары қиындықтары бойынша 3 деңгейде – жабық, ашық және типтік емес септерді шешу).

8. Көрнекі материалдарды электрондық түрде дайындау.
9. Өзіндік және практикалық сабақтарды жүргізетін материалдарды дайындау.
10. Электрондық баспаны дайындау жұмыстарын мультимедиялық лабораториялардың мамандары (программалаушы, дизайнер, инженер) жалғастырады.



Жаңа ақпараттық технология құралдарын пайдалану

Қашықтықтан оқыту компьютерлік техника мен телекоммуникациялық желілерді қолдану барысында ұйымдастырылады. Телекоммуникациялық желілер мұғалім мен үйренуші арасында қашықтық проблемасын шешеді және жедел байланысты ұйымдастырады. Қазіргі ақпараттық технология құралдары материалдарды әр түрлі формада (графика, дыбыс, анимация, видео) пайдалануға мүмкіндік береді. Компьютерлік үйрету және бақылау программалары тыңдаушыға, бір жағынан, оқу материалын жедел меңгеруге көмектессе, ал екінші жағынан, оқу материалдарын қандай деңгейде жедел меңгергенін бақылауға көмектеседі.

Оқыту процесін қашықтық режимінде ұйымдастыру барысында барлық ақпараттық қызмет типтері пайдаланылады:

Электрондық пошта телеконференция:

- мәліметтерді жіберу (FTP-сервер)
- гипермәтіндік орта (WWW-сервер)
- Интернет желісінің әлемдік ресурстары (WWW кеңістігі, деректер қоры,

ақпараттық іздеу жүйелері)

- видеоконференциялар

Аталған типтердің көмегімен тыңдаушы мен мұғалім арасында оқыту мен дидактикалық міндеттер шешіледі. Бұл құралдар WWW-сервер арқылы хаттар мен файлдарды жіберу мен телеконференция типі түрлі талқылауларды жүзеге асырады.

Электрондық пошта көмегімен мұғалім мен тыңдаушы арасында оқу материалдарын жіберу мен мұғалімге өздеріне түсініксіз болған материалдар бойынша сұрақтар жіберуіне мүмкіндік алады. Бір жағынан, ол мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді. Бұл жағдайда, мұғалімнің жұмысы материалдар мен тыңдаушылардың сұрақтарына жауаптарына жіберу қызметтерін атқарумен шектеледі.

Телеконференция оқу тақырыптары бойынша үйренушілер арасында жалпы пікірталасты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Телеконференция мұғалімнің басқаруымен өткізіледі. Мұғалім пікірталастың тақырыбын белгілейді, конференция барысында өткізілетін мазмұндарды бақылайды. Телеконференцияға қатынасушылар түскен

хабарламаларды қарап, конференцияға өзінің хабарламаларын (хаттарын) жібере отырып, пікірталасқа қатынасады.

FTP-серверлерінің қызметі өте үлкен көлемдегі файлдарды (ақпараттарды) жіберуге мүмкіндік береді. Мұндай жіберулерді ұйымдастыру мен оны бақылауда FTP-серверлерінің қызметін атқаратын функциялар орналасады. Ал WWW-сервері оқу материалдарын орналастыруға мүмкіндік береді. Бұл материалдар гипермәтін түрінде ұйымдастырылатын болады. Гипермәтін материалдарды жүйелеп құруға, атап айтқанда, оқу материалдарының бөлімдерін гипербайланыс арқылы бір-бірімен байланыстыруға, материалдарды бір-бірімен толықтырып отыруға мүмкіндік береді. WWW-құжаттарында тек мәтіндік ақпаратты ғана емес, сонымен бірге, графиктік, дыбыстық және видеоақпараттарды да орналастыруға болады.

WWW-желісінің әлемдік ресурсында гипермәтін түрінде көрнекі және анықтамалық материалдар орналастырылады. Мұғалім іздеу жүйелерінің көмегімен WWW-беттерінде Интернет ресурстары бойынша анықтамалар арқылы сілтемелер жинағын дайындауға болады. Педагог мамандардың үйренетін материалдарын да осы құжатқа енгізеді және ол жөнінде оған хабарлама беріледі. Егер олар Интернетке шыға алатындай мүмкіндік алса, онда ол осы берілген материалдарды оқи алады.

Оқыту ортасын дамыту құралдары

Жаңа ақпараттық технология құралдары оқыту құралы қызметін атқарады. Дәстүрлі оқу құралдарынан басқа тыңдаушыға мына типтегі материалдар ұсынылады:

- компьютерлік үйрету бағдарламалары
- электрондық оқу құралдары
- компьютерлік тестілеу жүйесі мен білімді бақылау
- электрондық анықтамалар мен энциклопедиялар
- аудио және видеоматериалдар
- Интернетжелісіндегі ақпараттық материалдар

Аталған құралдар оқу материалдарын жеделдетіп меңгеруге және оқытудың сапасын арттыруға игі әсерін тигізеді. Қашықтықтан оқыту материалдарын жасақтаушылар осы құралдарды негізге алуы қажет. Оқу құралдарын жасақтау ұзақ процесс. Оқу құралдарын жасақтау қашықтықтан оқыту формасының тиімділігін арттырудың негізгі көзі болып табылады.

Қашықтықтан оқытудың техникалық базасы.

Қашықтықтан оқытудың техникалық базасы (телефондық және телекоммуникациялық арналар, телевидение және радио) ақпараттарды жіберу жүйесін құрайды.

Интернеттік ақпараттық ресурстар: E-Mail, WWW.

Қолданылған әдебиет

1. Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. М.: Академия, 2003.
2. «Әдіскер жаршысы» №5, 2006 ж 44, 45 бет
3. «Информатика негіздері» №5 2004 ж 4,6 бет

УДК. 004

СРЕДА ВИЗУАЛЬНОГО ПРОГРАММИРОВАНИЯ БАЗ ДАННЫХ ACCESS. ОБЩАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА СУБД MS ACCESS

Даутхан Тлек

dautkhantlek@gmail.com

Студент 2 курс „духовые инструменты“, Казахский Национальный университет Искусств,
Астана, Казахстан.